

Умирзакова М.А.,
Берикболова У.Д.

**Өңір экономикасының
құқықтық инновациялық
даму моделі**

Ғылыми-техникалық әлеует кез келген мемлекеттің ұлттық байлығының негізгі саласы. Барлық дамыған елдер тәжірибесі көрсеткендей, экономикалық дамудың, көркеюдің негізгі жолы – ғылыми-техникалық және инновациялық салада көшбасшы болу. Инновациялар мен жаңалықтар экономиканың құлдырауына төтеп беріп, ғылыми-техникалық прогрестің белсенді түрде дамуына жағдай жасап, ұлттық экономиканың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады. Сондықтан да бүкіл дүниежүзіндегі елдер инновацияларды тиімді басқару мен ұйымдастыруға ерекше көңіл бөледі. Ал мемлекет өз тарапынан ғылыми-техникалық және инновациялық саясат, ғылыми-техникалық жетістіктерді адам игілігі үшін пайдаланып, адамзаттың өмір сүру жағдайларын сапалы түрде жақсартуға бағытталған қызметті жүзеге асырады. Аталмыш мақалада Қазақстан Республикасындағы өңірлердің инновациялық белсенділігі мен инновациялық әлеуетіне шолу жасалған. Сондай-ақ, инновациялық белсенділіктің өңірлік аспектілеріне қатысты кейбір сандық мәліметтер келтірілген. Өңірдегі инновациялық әлеуетті жақсарту мен инновациялық саясатты қалыптастыруға байланысты қорытындылар жасалынған, жетілдірілу жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: инновация, өңір, инновациялық белсенділік, инновациялық әлеует, инновациялық саясат.

Umirzakova M.A.,
Berikbolova U.D.

**Legal innovative development of
the region's economy**

Scientific and technical potential of the main national wealth of any state. As the experience of most developed countries, the main way of economic development and prosperity – to be a leader in scientific and technical and innovative spheres. Innovation and innovation give resistance to economic decline, create conditions for active development of scientific and technological progress and improve the efficiency of the national economy and its competitiveness. Therefore, countries all over the world focus on the organization and effective management of innovation. The state in turn, using achievements of scientific and technological progress and innovation policy for the benefit of the citizens of your country implements a function aimed at improving the quality of life of the population. This article presents an overview of innovative activity and innovative potential of the regions of Kazakhstan. Also provides statistical data on innovative activity of regions. Considers the ways of improvement and formation of innovative policy of regions.

Key words: innovation, region, innovative activity, innovative potential, innovative policy.

Умирзакова М.А.,
Берикболова У.Д.

**Правовая инновационная
модель развития экономики
региона**

Научно-технический потенциал – основная сфера национального богатства любого государства. Как показывает опыт большинства развитых стран, основной путь экономического развития и процветания – быть лидером в научно-технической и инновационной сферах. Инновации и новшества дают отпор экономическому упадку, создают условия активному развитию научно-технического прогресса и повышают эффективность национальной экономики и его конкурентоспособность. Поэтому страны всего мира акцентируют внимание на организацию и эффективное управление инновациями. Государство, в свою очередь, пользуясь достижениями научно-технического прогресса и инновационной политики во благо граждан своей страны, реализует функцию, направленную на улучшение качества жизни населения. В данной статье сделан обзор инновационной активности и инновационного потенциала регионов Казахстана. Также приведены статистические данные по инновационной активности регионов. Рассмотрены пути совершенствования и формирования инновационной политики регионов.

Ключевые слова: инновация, регион, инновационная активность, инновационный потенциал, инновационная политика.

**ӨНІР
ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ДАМУ МОДЕЛІ**

Инновация ғылыми және интеллектуальды әлеуетті пайдалануға негізделген күрделі экономикалық және ұйымдастырушылық үдеріс болып табылады. Ғылыми әлеует жаңа технология мен техниканы пайдалануды пайымдаса, интеллектуалды әлеует менеджменттің өндірістік және коммерциялық қызметтің барлық кезеңдерінде инновация енгізуге қабілеттілігімен байланысты болып табылады. Аталған үдерістің маңызды элементі оның инвестициялық қамтамасыз етілуі, яғни қомақты қаржы құралдарын тауып, тиімді пайдалану болады. Жоғары тәуекелділікті өтемақылай алатын белгіленген резервтері бар жеке, мемлекеттік және аралас инвестицияларды тарту шаруашылық жүргізудің сапалы жаңа деңгейіне шығуды қамтамасыз ете алады. Көптеген дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, ұлттық экономиканың қызмет етуінің инновациялық модельге табысты көшуі оның инновацияны қабылдау шартына байланысты болып отыр. Мұндай модель елдің шаруашылық механизмін түбегейлі қайта құру негізінде экономикалық ортаны бетбұрыстандырусыз тіршілік етуге қауқарсыз болады.

Қазіргі күні Қазақстан үшін ел экономикасын инновациялық даму жолына көшіру өзекті мәселе күйінде қалып отыр. Қойылған міндетті шешу үшін инновациялық экономиканы дамытуға ықпал ету мақсатында қоғамдық қатынастардың барлық аясын қайта құруға мүмкіндік беретін механизмді өңдеу қажет. Білім экономикасына көшу елде және тиісінше өңірлерде жаңа білімнің жаңа технологияларға, өнімдер мен қызметтерге нәтижелі аударылуын, олардың ұлттық және ғаламдық рыноктарда нақты тұтынушыларын таба алатын механизмнің қалыптасуын талап етеді. Елдің инновациялық дамуына өңірлер күш, қозғалыс беруі тиіс. Бүкіл әлемде өңірлер елдегі инновациялық қызмет пен дамудың қозғаушысы ретінде қарастырылады. Ол үшін инновациялардың дамуының өңірлік аспектісін арттыру керек.

Өңір мәселелерін зерттеуші ресей ғалымы П. Минакир «Экономическое развитие региона: программный поход» атты еңбегінде өңірді «жағрафиялық тұрғыдан аумақта пайда болатын және онда шоғырланған табиғи және еңбек ресурстары (нақты және әлеуетті) негізінде дамиды, аталған ресурстардың саны

мен сапасы халық шаруашылығының белгіленген мақсаттарын жүзеге асыру, қоғамның маңызды қажеттіліктерін қамтамасыз ету мүмкіндігін беретін және өңірдің өндірістік мамандануы мен бет-әлпетін айқындайтын шаруашылықтық тұтас жүйе» деп анықтайды [1].

Жалпы «өңір» түсінігін қарастырғанда бірқатар жайттарды ескере кеткен жөн. Біріншіден, өңір ең алдымен, аумақтық құбылыс, яғни жағрафиялық және аумақтық сипаттамалар негізгі (базалық) болуы тиіс. Екіншіден, өңір бұл елдің әлеуметтік-экономикалық және әкімгер-

шілік кешенінің жүйе бөлігі. Үшіншіден, өңір бұл мемлекеттің белгіленген экономикалық мамандануы мен ерекшелігі бар салыстырмалы түрде дербес бөлігі. Төртіншіден, өңір бұл даму үшін қолда бар әлеует пен шарттар (материалдық және материалдық емес) негізінде сол аумақта тіршілік етудің тұйықталған ұдайы өндірістік циклі тән шаруашылық жүйесі болып табылады. Жалпы алғанда жоғарыда айтылғандарды ескере келе, әрбір өңірдің өзіндік белгілеріне қарай сыныптама жасауға болады (1-кесте).

1-кесте – Өңірлер сыныптамы


№	Топтың белгілері	Өңір типтері
1	Кластерлік құрам	дара
		кешенді
2	Өзара әрекеттестікке бағдарлану	экстраверттер
		интроверттер
3	Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі	дамыған
		депрессивті
4	Мемлекеттің қолдауы	донорлар
		реципиенттер
5	Тәуекелдік орта	техногенді
		орташа тәуекелді
6	Шекараға жақындық	ішкі
		шекара бойындағы
7	Даму түрі	материалды ресурстар есебінен
		материалдық емес ресурстар есебінен
		материалдық және материалдық ресурстардың жиынтық есебінен
8	Даму деңгейі	жана типтегі өңір
		дәстүрлі өңір
Ескертпе – автордың құрастыруы		

Өңірлерді бұлайша жіктеу қажеттілігі инновациялық экономиканың қалыптасуында өңірдің дамуындағы басыңқы рөлді материалдық емес ресурстар алады. Шетелдік әдебиетте жаңа экономикалық ортада дамып келе жатқан өңірлер «әлемдік қалалар», «суперқалалар», «ақпараттық қалалар», «ғаламдық қалалар» деген көптеген атаулар болып жүр. Бұл ретте біздің еліміздің «ақылды қалалар», мысалы Астана қаласы, құруға деген талпынысын атап өтуге болады.

Инновацияның өңірлік аспектісін күшейту үшін билік, бизнес, ғылым, білім мен қаржылық құралдарды біріктіру қажет. Қазіргі күні өңірлердің инновациялық белсенділігі біркелкі емес

күйінде қалып отыр (1-сурет). Сондықтан да инновациялық дамуға белсенді инвестициялау жүргізіп отырған өңірлерге, сол сияқты инновациялық жобалар жеткіліксіз дамыған өңірлерге де мемлекеттік қолдау қажет.

Жалпы алғанда, өңірлік билік органдары өңірлік инновациялық әлеуеттің деңгейін арттыруға және шаруашылық субъектілерінің инновациялық қызметін интенсификациялауға мүдделі, өйткені инновацияны қолдану белгіленген аумақта қызмет етуші тиісті құрылымдарға, сәйкесінше, жапы аумаққа да бәскелестік артықшылық пен кәсіпкерлік табысты қамтамасыз етеді. Ол өңірдің өңіраралық және халықаралық рыноктардағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді деген сөз.



1-сурет – Облыстар бойынша инновациялық белсенділік деңгейі

Өңірлік инновациялық саясаттың мақсаты өңір экономикасын тұрақтандыру мен өсіру, ғылыми-техникалық әлеуетті сақтау мен дамыту есебінен бюджеттің тиімді орындалуы мен пайдаланылуына, инновациялық қызметке қолайлы жағдайлар құруға қол жеткізу болып табылады. Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін оперативтік және стратегиялық жоспарлаудың міндеттерін анықтап алу қажет, олар:

- жаңа бәсеке қабілетті өнім құру және шығарылатын өнімдердің сапасын әлемдік деңгейге дейін арттыру үшін, осылардың есебінен өңірдегі өнеркәсіптік кәсіпорындар, агроөнеркәсіптік кешен, тағам және өңдеу өнеркәсібі үшін ішкі және сыртқы рыноктарды кеңейту үшін инновациялық қызметті белсендіру;

- өңір экономикасының салаларын құрылымдық қайта құруды жүзеге асыру арқылы ғылым жетістіктерін мүмкіндігінше максималды пайдалану;

- өңірдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамсыздандыру бағытында өңірлік ғылыми-техникалық және инновациялық бағдарламалар мен жобаларды қалыптастыру;

- ғылыми-техникалық өңдемелер аясында өңірлік келісім-шарттық жүйені енгізу;

- өңірлік маңыздағы мәселені шешуге ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық өнімдерге өңірлік тапсырысқа бағытталуды арттыру;

- республикалық және бюджеттен тыс қорлардан өңірлік маңызы бар ғылыми-техникалық және инновациялық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру үшін инвестициялар тарту;

- өнертапқыштық қызметті ынталандыру, өнімдер мен технологиялардың патенттік қорғалу деңгейін арттыру, өңірдің патенттік рыногын шетелдік патенттер легінен қорғау;

- барлық деңгейдегі бюджеттер есебінен орындалатын ғылыми зерттеулер нәтижелеріне ұлттық басымдық беру, өнеркәсіптік меншік авторлары мен патентиелерінің мүдделерін қорғау;

- инновациялық қызметтің бизнес-жоспарлануын дамыту.

Өңірдің инновациялық ортасын белсендіру мен жетілдіру тәсілдерінің бірі ретінде инновациялық саясатты жүзеге асырудағы кластерлік тәсілдемені атауға болады. Кластерлер шеңберінде инновациялық дамуға қолайлы оңтайлы шарттар құрылады. Серіктес-кәсіпорындар бір-бірінің жаңа өңдемелеріне жедел қол жетімділікке жетеді, ұйымдастырушылық, қаржылық және технологиялық өзара әрекеттестік жағдайында болады. Осылайша, өндірістің кластерлік ұйымдастырылуы синергетикалық нәтиже береді және үздіксіз ілгерілемелі дамуды қамтамасыз етеді. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің әркелкілігі өңірлердің дифференцияланған дамуын, олардың экономикасының шаруашылықтың аумақтық құрылымындағы рөлінің іс жүзінде бекітілуін талап етеді. Инновациялық кластерлерді құру үдерісі өңірдің ерекшелігін ескере отырып жүргізілуі тиіс, яғни олардың өңірлік инновациялық әлеует деңгейлері, өңірлік бюджеттердің қаржылық қамтамасыз етілуі, кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі.

Қазақстанда J.E. Austin Associates Inc. және The Economic Competitiveness Group Inc. атты американдық консалтингтік компаниялармен біріге отырып, республикалық және өңірлік кластерлерді анықтау мақсатында «Қазақстандық кластерлік бастама» құрылды. Бұл жобаның мақсаты – экономиканың бәсекеге қабілеттілігін және әртараптандырылуын арттыру үшін индустриалдық негіз құру мақсатында перспективалы кластерлерді анықтау. Жобаны жүзеге асыру барысында Қазақстанның өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы мен қызмет көрсету саласының 150 сала тармағы қарастырылды. Оның ішінде 23 сала тармағы тартымды деп танылып, кейін олардың негізінде 11 кластер бөлініп, оның 7-еуі Қазақстан үшін келешегі бар деп танылды, атап айтқанда:

- туризм;
- тамақ өнеркәсібі;
- мұнайгаз, машина жасау өнеркәсібі;
- тоқыма өнеркәсібі;
- көліктік-логистикалық қызметтер;
- металлургия;
- құрылыс материалдары.

Жоғарыда аталған кластерлерді дамыту үшін орталық және жергілікті билік органдары төмендегі бағытта экономикалық саясат жүргізуі қажет:

- шағын және орта бизнесті қолдау мен дамыту саясаты;
- елдегі және өңірдегі қолайлы инвестициялық ахуалды ұстап тұруға бағытталған саясат; тиімді сауда саясаты;
- тиімді макроэкономикалық саясат.

Өңірдің инновациялық дамуы – бұл негізінде өңірлік инновациялық жүйенің қалыптасуы жатқан әлеуметтік-экономикалық үдеріс. Ол өңірдің инновациялық әлеуетін арттыруға және де оны жоғары қосылған құн құраушы интелектуалдық еңбек пен өнімдерді пайдалануға негізделген жоғары технологиялы өндірісті ұйымдастыру жолымен жүзеге асыруға қабілетті болуы тиіс. Өңірдің инновациялық әлеуетін өңірдің инновациялық дамуына қабілеттілігін сипаттайтын факторлар мен шарттар жиынтығы құрайды. Инновациялық әлеует – бұл жүйенің өзгеріске, жақсару мен прогреске қабілеттілік сипаттамасы десе де болады [2].

Инновациялық әлеуеттің ресурстық элементтерінің, атап айтқанда кадрлық, материалдық-техникалық, ақпараттық, ұйымдық және қаржылық, ажыратудың негізгі қағидасы олардың инновациялық үдерістегі рөлі болып табылады. Инновациялық әлеуеттің әрбір құрамдас бөлігінің өзіндік дербес мазмұны бар:

– кадрлық бөлік инновациялық идеялардың генераторы болып табылады;

– материалдық-техникалық бөлік инновациялық әлеуеттің материалдық-заттық базасының қалыптасуын қарастырады;

– ұйымдық бөлік басқарушылық ықпал жүзеге асырылатын әдістер кешенін қоса отырып, өзін бекітілген функцияларды атқаратын басқарушылық органдар, бөлімшелер мен атқарушылар жиынтығынан тұрады;

– ақпараттық бөлік басқарушылық үдерістің негізінде болады, өйткені экономикалық белсенділік субъектісінің тиімді қызмет етуі ақпаратсыз және тиісті ақпараттық технологияларсыз тіпті де мүмкін емес;

– инновациялық әлеуеттің қаржылық ресурстары қаржы құралдарының түсімін қамтамасыз ету, инновациялық аяның қызмет ету мен даму қажеттілігіне сәйкес инновациялық жобалар тақырыптарын таңдауға ықпал ету қызметтерін атқарады. Олар инновацияларға шығыстарды тиімді қалыптастыруға ықпал етіп, жалпы алғанда әлеуеттің басқа элементтерінің жүзеге асырылу шарттарын қамтамасыз етеді, олардың сандық бағалану рөлін орындайды. Біз мұнан инновациялық әлеуеттің құрамдас бөліктерінің баламалы және өзара тәуелсіз еместігін көреміз.

Өңірдің инновациялық әлеуетінің ауқымына әсер етуші және оларды пайдалану бағыттарын айқындаушы тағы да бірқатар негізгі факторларды атап кеткен жөн, олар:

– өңірлік билік органдары жүргізіп отырған инновациялық саясат;

– тиісті аумақта өз қызметін жүзеге асырып отырған шаруашылық субъектілерінің инновациялық стратегиясы;

– өңірдегі қаржы-несиелік мекемелердің саясаты;

– тұтынушы талғамының өзгерісі;

– бәскелестік сипаттамасы;

– аумақтық инновациялық инфрақұрылымның даму деңгейі;

– аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму мүдделеріне тартуға болатын аталған аумақтағы және онан тыс жерлердегі жинақталған білім мен ғылыми-техникалық өңдемелер ауқымы.

Өңірлік инновациялық әлеуеттің қалыптасуына әсер етуші факторлар оның сандық көрсеткіштерін анықтаумен қатар, жаңалықтарды тану, тарату мен коммерциялық нәтижелер негізінде ресурстарды тарту қабілетін де анықтайды.

Қорыта келе, Қазақстандағы өңірлік инновациялық саясаттың жүзеге асырылуы мен

инновациялық әлеуеттің қалыптасуын талдау барысында көрсеткіштердің басым көпшілігі бойынша әлі де болса өсу үрдісі жоқ екендігі анықталды. Ғылымға бөлінетін қаржы, табысты инновациялық жобалар, инновациялық өнім көлемі мен инновациялық деңгейі сияқты маңызды

көрсеткіштер бойынша көрсеткіштер әлемдегі дамушы және дамыған мемлекеттермен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Инновациялық экономика құру үшін еңбек, үлкен материалдық шығындар, жағымды экономикалық конъюнктура, білікті мамандар мен уақыт ресурсы қажет.

Әдебиеттер

- 1 Минакир П.А. Экономическое развитие региона: программный подход. – М.: Наука, 1983. – С. 32.
- 2 Кравченко С.И. Исследование сущности инновационного потенциала // Науч. тр. Донецкого национального технического университета. Сер: экономическая. Вып. 68. – Донецк, ДонНТУ, 2003.
- 3 Сәбден О. Инновациялық экономика: монография. – Алматы, 2009. 1 том.
- 4 Технологическое развитие экономики Казахстана в условиях глобализации: приоритеты и механизмы: коллективная монография. – Алматы: Институт экономики КН МОН РК, 2012. – 322 с.

References

- 1 Minakir P.A. Jekonomicheskoe razvitie regiona: programmnyj podhod. – M.: Nauka, 1983. S. 32.
- 2 Kravchenko S.I. Issledovanie sushhnosti innovacionnogo potenciala // Nauch. tr. Doneckogo nacional'nogo tehničeskogo universiteta. Ser: jekonomicheskaja. Vyp. 68. – Doneck, DonNTU, 2003.
- 3 Sabden O. Innovaciayk ekonomika. Monografija. – Almaty, 2009. 1 tom.
- 4 Tehnologicheskoe razvitie jekonomiki Kazahstana v uslovijah globalizacii: priority i mehanizmy: kollektivnaja monografija. – Almaty: Institut jekonomiki KN MON RK, 2012. – 322 s.